

Жаһандану дәуіріндегі педагогтардың коммуникативті құзыреттілігінің

ерекшеліктері Шошахова Камшат Бекишевна

kamshat.shoshakhova.76@mail.ru

7M01101 – «Педагогика және психология» білім бағдарламасының 1 курс магистранты 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті,

Атырау қ., Қазақстан Республикасы

Ғылым жетекшісі: қауымдастырылған профессор, PhD Мугауина Г.О.

Қазіргі өзгермелі заманның жаһандану дәуірінде білім беру жүйесі түбегейлі өзгерістерге ұшырап, келер ұрпақты білім нәрімен сусындатып, тәрбие теңізіне сүңгітер педагогтарға қойылатын талаптар күрделене түсуде. Білім беру сапасын арттыру қазіргі таңдағы күн тәртібінен мүлдем түспейтін ең өзекті мәселе болғандығы сонша, осы мақсатта мұғалімдердің кәсіби құзыреттіліктерін дамыту сұраныстағы мәселеге айналды. Солардың ішінде педагогтардың коммуникативті құзыреттілігі ерекше маңызға ие, өйткені білім беру

үдерісі, ең алдымен, қарым-қатынасты талап ететін әлеуметтік әрекет түрі болып табылады. Бұл мақалада педагогтардың коммуникативті құзыреттілігінің мәні, оның құрылымы және жаһандану жағдайындағы ерекшеліктері қарастырылады.

Олай болса, коммуникативті құзыреттілік – бұл педагогтардың білім беру үдерісінде білім алушылармен және олардың ата-аналарымен (қамқоршылары) тиімді қарым-қатынас орната білу қабілеті, кез-келген ортада еркін сөйлей алуы немесе тілдік дағдыларды меңгеруі, вербалды және вербалды емес коммуникация құралдарын оңтайлы пайдалануы болып табылады. Және оның негізгі құрамдас бөліктеріне мыналар жатады:

- Лингвистикалық құзыреттілік – білім алушылармен, олардың ата-аналарымен және өз әріптестермен түсінікті әрі нақты тілде сөйлесе алу қабілеті;
- Психологиялық құзыреттілік – әңгімелесу барысында эмоционалды интеллектті басқара пайдалану және қарым-қатынастың психологиялық аспектілерін ескеруі;
- Мәдениетаралық құзыреттілік – түрлі мәдени және әлеуметтік топтар арасындағы қарым-қатынаста толеранттылық таныта білу ерекшелігі;
- Ақпараттық-коммуникациялық құзыреттілік – заманауи технологияларды (қазіргі таңдағы жасанды интеллект ерекшеліктерін ескеру) қолдана отырып, оқыту үдерісін ұйымдастыру қабілеті.

Сонымен қатар, жаһандану үдерісі педагогикалық қызметке бірқатар жаңа талаптар қойды. Біріншіден, мұғалімдер көптілді ортада жұмыс істеуге дайын болуы керек. Бұл шет тілдерін меңгеруді және әртүрлі мәдениеттердің ерекшеліктерін түсінуді талап етеді. Бұған дәлел ретінде қазіргі таңда белең алып отырған көші-қон мәселесі т.б. Себебі, кейбір аралас білім беру ұйымдарында оқушылардың қозғалысы өте өзгермелі екендігі даусыз. Екіншіден, сандық технологиялардың қарқынды дамуы педагогтардың коммуникация формаларын кеңейтуді қажет етеді. Қашықтықтан оқыту, онлайн-платформалар және әлеуметтік желілер арқылы білім беру – заманауи педагогтар үшін міндетті дағдыға айналды. Қарапайым күнделікті білім алушылармен жүргізілетін тәрбие үрдісінің өзі педагогтан сандық

технологияның «кұлағында ойнауды» талап етеді. Үшіншіден, қоғамдағы өзгерістер педагогтардың психологиялық икемділігін күшейту қажеттігін көрсетеді, себебі олар үнемі жаңашылдықтарға бейімделіп, білім алушылармен және әріптестермен тиімді қарым-қатынас орнатуы тиіс.

Сондай-ақ, педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін жетілдіру мақсатында басты назар аударатын келесі әдістерді ұсынамыз:

Кәсіби біліктілікті арттыру курстары – жаңа оқыту әдістерін меңгеру және қарым- қатынас дағдыларын дамыту;

Психологиялық тренингтер мен коучингтер – эмоционалды интеллектті және тұлғааралық қарым-қатынасты жақсарту;

Мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін арттыру – әртүрлі ұлттар мен мәдениеттердің ерекшеліктерін зерттеу;

Ақпараттық технологияларды тиімді пайдалану – онлайн-оқыту құралдарын меңгеру; Өзін-өзі талдау және рефлексия – педагогикалық тәжірибені үздіксіз жетілдіру.

Ендігі кезекте осылардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталсақ. Педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін арттыруда маңызды рөл атқаратын фактор - кәсіби біліктілікті арттыру курстары. Бұл курстарды ұйымдастыру арқылы педагогтардың білім беру үдерісінде тиімді қарым-қатынас орнату дағдылары жетілдіріледі. Кәсіби біліктілікті арттыру курстарында педагогтарға қарым-қатынас стилдері, тыңдау дағдылары, өзара түсіністік орнату және конфликттерді шешу тәсілдері бойынша теориялық және практикалық білімдер беріледі. Мұндай дағдылар сабақ барысында білім алушылармен тиімді қарым-қатынас құруға мүмкіндік береді. Коммуникативті құзыреттілік тек тілдік дағдыларды ғана емес, сонымен қатар сөздің дұрыс қолданылуын, сөйлеу мәдениетін де қамтиды. Кәсіби курстарда мұғалімдерге дұрыс және әсерлі сөйлеу техникасы, кәсіби терминология мен сөйлеу мәнерін жетілдіру ұсынылады.

Курстар педагогтарға өз жұмысын сараптау, ұжымдық талқылаулар өткізу және кері байланыс алу арқылы өз коммуникативтік дағдыларын жетілдіруге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде педагогтардың тиімді жұмыс жасау қабілеттерін арттырады.

Коммуникативті дағдыларды дамыту үшін курстарда рөлдік ойындар мен тренингтер жиі қолданылады. Мұғалімдер белгілі бір жағдайларда қарым-қатынас жасау дағдыларын игеріп, нақты өмірде қолдану үшін тәжірибе жинақтайды.

Қысқаша айтқанда, кәсіби біліктілікті арттыру курстары педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуға арналған түрлі әдістер мен құралдарды ұсынады, олар педагогтардың оқу үдерісінде оқушылармен қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Педагогтар арасындағы өткізілетін психологиялық тренингтер мен коучингтер педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін арттыруда маңызды рөлге ие. Олардың әрқайсысы өз тәсілдері және әдістерімен педагогтардың қарым-қатынас жасау қабілеттерін жетілдіруге бағытталған. Психологиялық тренингтер педагогтардың өзін-өзі басқару, стрессті жеңу, эмоциялық интеллектті дамыту және коммуникация дағдыларын жетілдіру мақсатында өткізіледі. Тренингтер түрлі техникалар мен әдістерді қолдана отырып, қатысушылардың өзара әрекеттесу дағдыларын дамытады. Психологиялық тренингтер эмоциялық интеллектті дамытуға бағытталады, бұл педагогтарға білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасауға көмектеседі. Оған өзін-өзі түсіну, эмоцияларды басқару, эмпатия көрсету сияқты дағдылар кіреді. Тренингтерде топтық динамиканы жақсы түсіну үшін топтық жұмыс әдістері

қолданылады. Педагогтар басқа адамдармен қалай тиімді жұмыс істей алатындығын үйренеді, бұл олардың білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасауына септігін тигізеді. Тренингтер көбінесе тілдік және бейтілдік қарым-қатынас дағдыларын дамытуға бағытталады. Мұнда тыңдау, өз ойыңды дұрыс жеткізу, тілдік барьерлерді жеңу сияқты дағдылар қарастырылады.

Ал, коучинг педагогтың жеке және кәсіби дамуын қолдайды. Бұл процесс педагогтарға өздерінің күшті жақтарын табуға, даму бағыттарын анықтауға және қажетті дағдыларды дамытуға көмектеседі. Коучинг арқылы педагогтар өздерінің ішкі мотивациясын, кәсіби және жеке мақсаттарын анықтап, оларды жүзеге асыру жолдарын біледі. Бұл өз кезегінде олардың білім алушылармен қарым-қатынасын жақсартады. Коучингте педагогтарға нақты қарым-қатынас әдістері мен стратегиялары ұсынылады. Олар өз әріптестерімен, білім алушылармен және ата-аналарымен (немесе қамқоршыларымен) тиімді әрі түсінікті байланыс орнатуды үйренеді. Коучингтің негізгі аспектілерінің бірі – рефлексия. Педагогтар өз тәжірибелерін, күшті және әлсіз жақтарын талдай отырып, қарым-қатынас саласындағы қиындықтарды жеңуге тырысады. Педагогтар түрлі психологиялық жағдайлар мен дағдарыс жағдайларында тиімді әрекет ету жолдарын үйренеді, бұл олардың жұмыс сапасын арттырады.

Мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін арттыру педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуда маңызды рөл атқарады. Бұл білім беру процесіндегі әртүрлі мәдениеттер мен ұлттық ерекшеліктерді ескере отырып, педагогтардың өзара әрекеттесу қабілетін жетілдіру мақсатында жүзеге асырылатын бірқатар іс-шараларды қамтиды. Мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін арттырудың бірнеше негізгі аспектілері: Тіл үйрену мен мәдениетті дұрыс түсіну арқылы педагогтар мәдениетаралық қарым-қатынас жасау қабілетін арттырады. Әртүрлі мәдениеттерден келген адамдармен тиімді диалог жүргізу үшін өз мәдениетінің шекарасынан шығып, басқаларды түсінуге талпыныс жасау қажет. Педагогтар өз білім алушыларымен, әріптестерімен және ата-аналарымен мәдениетаралық қарым-қатынас жасағанда мәдениетаралық эмпатия мен төзімділікті көрсетуі тиіс. Осылайша, педагогтардың мәдениетаралық қарым-қатынас тәжірибесін арттыру олардың коммуникативті құзыреттілігін дамытуға көмектеседі, бұл өз кезегінде білім беру сапасын арттыруға ықпал етеді.

Қазіргі таңда педагогтар жаңа ақпараттық технологиялар мен цифрлық құралдарды қолдана отырып, білім алушылармен қарым-қатынас жасау қабілетін дамытуы керек. Бұл педагогтарға цифрлық ортада тиімді қарым-қатынас жасау дағдыларын үйреніп қоймай,

замана ізінен қалмай, көшке ілесіп отыруды талап етеді. Сол үшін де педагогтар өздерінің ақпараттық технологияларды қолдана алуы деңгейін зерделеп, өздері біліктіліктерін арттырып отырғаны жөн.

Педагогтардың коммуникативті құзыреттілігін арттырудың маңызды әдістерінің бірі өзін-өзі талдау және рефлексия болып табылады. Бұл тәсілдер педагогтың өз жұмысын бағалауға және дамуға мүмкіндік береді, сондай-ақ оқушылармен білім алушылармен тиімді қарым-қатынас жасау үшін қажетті дағдыларды жетілдіруге көмектеседі.

Өзін-өзі талдау, жалпы алғанда, педагогтың өзінің іс-әрекеттерін, қарым-қатынасын және жұмыс нәтижелерін жүйелі түрде бағалауы. Бұл процесс оның жұмысындағы күшті және әлсіз тұстарды анықтауға, кәсіби даму мақсаттарын белгілеуге көмектеседі. Өзін-өзі талдау педагогтың өзіне сын көзбен қарап, қандай дағдыларын жетілдіру қажет екенін түсінуге мүмкіндік береді.

Өзін-өзі талдаудың маңыздылығы педагогке өзінің оқушылармен және әріптестерімен қарым-қатынасының тиімділігін бағалап, оны жетілдіруге

бағытталған әрекеттер жасауға ықпал етеді. Сонымен қатар, өз қызметін талдай отырып, педагог болашақта қандай дағдыларды меңгеру қажеттігін анықтап, даму жолдарын белгілеуге мүмкіндік алады. Ал, рефлексия – бұл педагогтың өз іс-әрекетіне, оның нәтижелеріне және өз іс-әрекетінің салдарларына терең ойланып, бағалауы. Рефлексия барысында педагог өзінің жұмысындағы сәтті және сәтсіз тұстарды түсініп, оларды болашақта ескеріп отырады. Педагог рефлексия арқылы білім алушылардың қажеттіліктерін терең түсініп, оқу тәсілдерін оңтайландырады.

Бұл әдістер педагогтың өз коммуникативті құзыреттілігін арттырып, оны дамытудың тиімді жолдарын ашады.

Ойымды қорыта келе, жаһандану дәуірінде педагогтың коммуникативті құзыреттілігі кәсіби шеберліктің маңызды құрамдас бөлігіне айналғандығын ескере отырып, заманауи педагогтар көптілдік, цифрлық сауаттылық және мәдениетаралық қарым-қатынас дағдыларын кәсіби тұрғыда меңгеруі қажет деп айтқым келеді. Себебі коммуникативті құзыреттілікті дамыту – білім сапасын арттырудың маңызды шарты болып табылады. Сондықтан педагогтардың бұл құзыреттілігін жетілдіруге бағытталған жүйелі іс-шараларды білім беру ұйымдарындағы әкімшіліктер кеңінен жүзеге асыру қажет.

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. Баршынбаева, Ш. Қ. *Педагогтың кәсіби құзыреттілігі: теория және практика.* – Алматы: «Қазақ университеті», 2020.
2. Құдайбергенова, Ә. Т. *Жаһандану жағдайындағы білім беру жүйесінің трансформациясы.* – Астана: НҰР-ПРИНТ, 2019.
3. Назарбаев, Н. Ә. *Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру.* – Астана, 2017.
4. Баймырзаева, Ж. *Коммуникативтік құзыреттілік – педагогикалық шеберліктің негізі.* // Білім және ғылым, 2021, №4 (56).